

Астана қаласының аумағындағы Жасыл екпелерді жасау, күтіп-ұстау және қорғау қағидаларын бекіту туралы

Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 3 қазандағы № 87/10-VIII шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2023 жылғы 2 қарашада № 1362-01 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 4-3) тармақшасына, 7-бабына, "Елді мекендердің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 23 ақпандағы № 62 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31996 болып тіркелген) сәйкес, Астана қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Астана қаласының аумағында Жасыл екпелерді жасау, күтіп-ұстау және қорғау қағидалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) "Нұр-Сұлтан қаласының аумағында жасыл желектерді күтіп-ұстау және қорғау қағидаларын бекіту туралы" Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 537/73-VI (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1298 болып тіркелген) шешімінің;

2) "Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 537/73-VI "Нұр-Сұлтан қаласының аумағында жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2022 жылғы 30 наурыздағы № 160/23-VII (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27496 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласы мәслихатының төрағасы

Е. Каналимов

Астана қаласы мәслихатының
2023 жылғы 3 қазандағы
№ 87/10-VIII шешіміне
қосымша

Астана қаласының аумағында жасыл екпелерді жасау, күтіп-баптау және қорғау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Астана қаласының аумағында жасыл екпелерді жасау, күтіп-ұстау және қорғау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Өсімдіктер дүниесі туралы" Қазақстан

Республикасы Заңының 10-бабының 4) тармақшасына, "Елді мекендердің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 23 ақпандағы № 62 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31996 болып тіркелген) сәйкес әзірленді және Астана қаласының аумағында жасыл екпелерді жасау, күтіп-ұстау және қорғау тәртібін айқындайды.

2. Қағидалар мемлекеттік орман қоры учаскелерінде және республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда, жеке тұрғын үй аумақтарында, саяжай учаскелерінде өсетін жасыл екпелерге қолданылмайды.

3. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) абаттандыру – сол немесе өзге аумақты құрылыс және мақсаты бойынша қалыпты пайдалану үшін жарамды жағдайға келтіру, халықтың дені сау, жайлы және мәдениетті өмір сүру жағдайын жасау мақсатында жүзеге асырылатын жұмыстардың (аумақтарды инженерлік дайындау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жолдарды салу, коммуникациялық желілерді және сумен жабдықтау, кәріз, энергиямен жабдықтау құрылыстарын, жабындар құрылғыларын дамыту, монументті өнердің шағын сәулеттік нысандары мен объектілерін орналастыру, көгалдандыруды жобалау, шу деңгейін азайту, микроклиматты жақсарту, ауа бассейнін, ашық су айдындары мен топырақты ластанудан қорғау бойынша) және көрсетілетін қызмет (аумақтарды құрғатуға және көгалдандыруға тазалау, жинау, санитариялық тазалау бойынша) жиынтығы;

2) ағаштарды кесу – "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) 2-қосымшаның 159-тармағына сәйкес уәкілетті органның рұқсаты бойынша жүзеге асырылатын ағаштарды кесу жөніндегі жұмыс;

3) ағаштар мен жасыл екпелерді қайта отырғызу – уәкілетті орган айқындаған учаскелерде жүзеге асырылатын ағаштар мен жасыл екпелерді қайта отырғызу жөніндегі жұмыс;

4) дендрологиялық жоспар – құрылыс салу аймағын ескере отырып, көгалдардың, алаңдардың, жолдардың, су айдындарының ашық учаскелерімен үйлесімділікте өсіп тұрған және отырғызылуы жоспарланып отырған ағаш-бұта өсімдіктерінің жасыл екпелерінің сандық және түрлік құрамы көрсетілген жасыл екпелерді орналастырудың схемалық құжаты;

5) жалпыға ортақ жерлер – алаңдар, көшелер, тротуарлар, өтпе жолдар, жолдар, жағалаулар, саябақтар, скверлер, қала ормандары, бульварлар, су айдындары, жағажайлар, зираттар және халықтың мұқтаждықтарын қанағаттандыруға арналған өзге де объектілер (жалпыға ортақ инженерлік жүйелер) орналасқан және оларға арналған жерлер;

6) жасарту – қаңқалы және жартылай қаңқалы бұтақтарды қатты қысқарту, өркендерді сирету және реттеу, бас жағы мен бұталардың құрғау салдарынан өзінің

декоративтік сапасын жоғалтқан, сау дiңдi және сүңгектi жасарту үшiн жарамды ересек ағаштардың кемiнде 3,5 метр биiктiктегi бұталарын кесу;

7) жасыл алқап – түрлiк құрамына қарамастан кемiнде 0,125 га аумақта кемiнде 50 дана ағашы бар көгалдандырылған аумақ;

8) жасыл екпелер – Астана қаласының аумағында қорғаныштық, санитарлық-гигиеналық, әлеуметтiк, эстетикалық және өзге де функцияларды орындайтын ағаш-бұта және шөптесiн өсiмдiктердiң екпелерi;

9) астананың "Санитарлық қорғау жасыл аймағы" – қала аумағын қоршап тұрған және қорғаныс, мәдени-сауықтыру, рекреациялық және туристiк функцияларды орындайтын аймақ;

10) жасыл екпелердi жою – жасыл екпелердiң өсуiнiң тоқтауына әкелетiн зақымдану;

11) жасыл екпелердi жасау, күтiп-ұстау және қорғау – жасыл екпелердi, көгалдандырылған аумақтар мен жасыл алқаптарды құруға, сақтауға және молықтыруға (оның iшiнде кесiлген жасыл екпелердi өтемдiк қалпына келтiруге) бағытталған құқықтық, әкiмшiлiк, ұйымдастырушылық және экономикалық шаралар жүйесi;

12) жасыл екпелердi сақтау – абаттандыру және құрылыс жұмыстарының нүктесiне түсетiн, аса құнды екпелердiң тұқымдарын сақтауға бағытталған iс-шаралар кешенi;

13) жасыл екпелердi орман-патологиялық зерттеу – зиянкестердiң (жәндiктердiң) болуын арнайы зерттеу, ауру белгiлерi мен ошақтарының болуын, дiндерде, тамыр жүйесi мен ұшарбаста зең ауруларымен (паразиттермен) зақымдану белгiлерiнiң болуын анықтау. Егер екпелердiң 50 (елу) %-дан астамы аурулардан зақымданған болса, онда олар мiндеттi түрде кесiлуi тиiс;

14) жасыл екпелердi түгендеу (тал басын қайта есептеу) – көгалдандыру объектiлерiнiң сандық және сапалық сипаттамаларын толық сипаттай отырып, оларды есепке алу жөнiндегi iс-шаралар кешенi, сондай-ақ жоспарлы негiзде әрбiр көгалдандыру элементiн графикалық бейнелеу;

15) жасыл екпелер тiзiлiмi – жасыл екпелердiң типтерi, түрлiк құрамы, алаңының көлемi, жай-күйi және орналасуы туралы деректер жиынтығы;

16) жеке тұрғын үй – үй маңындағы учаскеде орналасқан және шаруашылық және басқа да құрылыстармен және жасыл екпелермен бiрге азаматтың меншiгiндегi, жеке (отбасында) тұруға арналған үй;

17) заңсыз кесу – уәкiлеттi органның рұқсатынсыз жүзеге асырылатын ағаштарды кесу;

18) көгалдандырылған аумақтар – шығу тегi табиғи өсiмдiктер орналасқан, жасанды жолмен жасалған бау-саябақ кешендерi мен объектiлерi, бульварлар, скверлер, көгалдар, гүлзарлар орналасқан жер учаскесi;

19) көгалдандыру жөніндегі ұйым – шарт негізінде елді мекен аумағындағы жасыл еспелер мен жалпыға ортақ пайдаланылатын көгалдандырылған аумақтарды көгалдандыру, күтіп-ұстау, күту жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

20) көгал – шөп жамылғысы мен басқа да өсімдіктерді қамтитын, тротуардан, тұрақ қалталарынан, тұрақтардан және жолдың өзге де элементтерінен жиектас таспен және (немесе) әшекейлі қоршаумен қоршалған абағандыру элементі (жер учаскесі);

21) күтіп-баптау жөніндегі жұмыстар – топырақтың, өсімдіктердің жерасты және жерүсті бөліктеріне күтім жасау (қоректендіру, суару, қопсыту, санитарлық-профилактикалық іс-шаралар);

22) мәжбүрлі түрде кесу – апаттық және төтенше жағдайларды жою кезінде уәкілетті органның келісімінсіз ағаштарды кесу;

23) өтемдік отырғызу жоспары – отырғызудың сандық бөлігін, тұқымдық құрамын, көлемін, күнтізбелік мерзімін, сондай-ақ жоспарлы негізге орайластырылған отырғызуды орналастырудың графикалық схемасын қамтитын кесуге ұшыраған ағаштарды отырғызу жоспары;

24) өтемдік отырғызу – уәкілетті орган дендрологиялық жоспарға сәйкес айқындаған арнайы учаскелерде кесілген ағаштардың орнына отырғызу;

25) өтпе жол – тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттарға, мекемелерге, кәсіпорындарға, шағын аудандар, орамдар, елді мекендер ішіндегі құрылыс объектілеріне көлік құралдарының кіруін қамтамасыз ететін жол элементі;

26) санитариялық кесу – апаттық жағдайлар туғызатын (электр беру желілерінде, газ құбырларында жатқан, ғимараттардың шатырын бұзатын, жол жүрісі қауіпсіздігіне қатер төндіретін) ауру, құрғап бара жатқан, құрғақ және зақымдалған бұтақтарды кесу;

27) санитариялық мақсатта ағаш кесу – жасыл екпелердің санитариялық жай-күйін жақсарту мақсатында жүргізілетін ағаш кесу (ішінара, жаппай), бұл кезде ауру, зақымданған, қурайтын және қураған ағаштар кесіледі;

28) тротуар – жаяу жүргіншілердің жүруіне арналған, жолдың жүру бөлігімен шектесетін немесе одан көгалмен немесе арық жүйесімен бөлінген жолдың элементі;

29) уәкілетті орган – жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау мәселелерін реттеу саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі;

30) ұшарбасты қалыптастыру – белгілі бір эстетикалық түр беру және жасыл екпелерді жасарту мақсатында олардың солып қалуына әкеп соқтырмайтын, пішіндеуге келетін бұтақтар мен өркендерді, жекелеген ағаштарды, бұталарды және жолдағы екпелерді кесу;

31) шағын сәулет нысандары – декоративтік сипаттағы және іс жүзінде пайдаланылатын объектілер (мүсіндер, фонтандар, барельефтер, гүл құмыралары,

павильондар, күркелер, отырғыштар, құтылар, балалар ойындары және ересектердің демалысына арналған жабдықтар мен конструкциялар);

32) іргелес аумақ – ғимараттар, құрылыстар, қоршаулар, құрылыс алаңшаларының, сауда, жарнама объектілеріне және заңды немесе жеке тұлғалардың теңгеріміндегі, меншігіндегі, иелігіндегі, жалға алуындағы басқа объектілер шекараларына тікелей (периметрі бойынша 5 метр шекарадағы) жанасып жатқан аумақ.

2-тарау. Жасыл екпелерді жасау, күтіп-ұстау және қорғау тәртібі

4. Барлық санаттар мен түрлердегі көгалдандырылған аумақтар Астана қаласының шекараларындағы көгалдандыру жүйесін құрайды, елорданың жасыл қорына кіреді және мемлекеттік орман қоры учаскелерінде және республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда, жеке тұрғын үй мен жеке қосалқы шаруашылық аумақтарында, саяжай учаскелерінде өсетін жасыл екпелерді қоспағанда, рекреациялық, орта құрайтын және санитариялық-қорғаныш функцияларын орындайды.

5. Жасыл желектерді құруды Астана қаласы аудандары әкімдерінің аппараттары ғылыми ұйымдардың ұсынымдары негізінде жүзеге асырады.

Жер учаскелерінің меншік иелері және (немесе) жер пайдаланушылар оларда орналасқан жасыл екпелерді сау күйінде күтіп-ұстайды және олардың сақталуын, қорғалуын және күтіп-баптау жөніндегі жұмыстарды өз қаражаты есебінен қамтамасыз етеді.

6. Уәкілетті органның жасыл екпелер алып жатқан аумақтарда, оның ішінде саябақтарда, скверлерде, бульварларда, ұйымдардың санитариялық-қорғаныш аймақтарында және өзге де өнеркәсіптік объектілерде құрылыс салу немесе оларды реконструкциялау туралы шешімдер қабылдауы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және қоғамдық тыңдауларды міндетті түрде өткізу арқылы жүзеге асырылады.

7. Астана қаласының жасыл қорын дамытудың негізгі мақсаттары, функциялары: экологиялық теңгерімді сақтау;

оңтайлы температуралық режимді сақтау, оның ішінде жазғы кезеңде;

ауа ылғалдылығын сақтау;

ластанған ауаның адсорбциясы (пайдаланылған газдар, кәріз, өрттер, жинақталған коммуналдық қалдықтардың иісі және ауаны ластаудың басқа көздері);

белгілі бір аумақта ластануды және басқа да теріс әсер ету нысандарын сіңіру, тазарту, өзгедей жою;

сәндік-эстетикалық, қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру болып табылады.

8. Жасыл қор мен қоршаған ортаны қорғау және сауықтыру жөніндегі шараларды азаматтар, лауазымды және заңды тұлғалар Қағидаларға сәйкес жүзеге асырады.

9. Қаланың көгалдандырылған аумақтарын дамыту дендрологиялық жоспарға сәйкес жүргізіледі.

10. Көгалдандыру объектілері Астана қаласының Бас жоспарына сәйкес ортақ пайдаланылатын жерлерде құрылады.

11. Рекреациялық аймаққа жататын ортақ пайдаланудағы жер аумағында рекреациялық аймақтың жұмыс істеуіне тікелей байланысты емес жаңа өнеркәсіптік, коммуналдық және қойма объектілерін, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарды орналастыруға (салуға) және жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге жол берілмейді.

12. Объектілерді жобалау және салу кезінде құрылыс-монтаждау жұмыстары болжанатын учаскенің аумағында бар жасыл екпелерді барынша сақтай отырып, объектіні салуға берілген жер учаскесін көгалдандыруды көздеу қажет.

3-тарау. Жасыл екпелерді есепке алуды жүргізу тәртібі

13. Жасыл екпелердің барлық түрлері:

қаланың шекарасында орналасқан жасыл екпелерді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу, жеке тұрғын үй, жеке қосалқы шаруашылық аумақтарында, саяжай учаскелерінде және зират учаскелерінде өсетін жасыл желектерді қоспағанда;

Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасыл екпелердің жерсіну актісін толтыру;

жасыл екпелер тізілімін жүргізу;

дендрологиялық жоспарды әзірлеу;

санитариялық-қорғау жасыл аймағының аумағында түгендеу Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м. а. 2012 жылғы 19 қазандағы № 17-02/532 бұйрығымен бекітілген орман дақылдарына, питомниктерге, орманның табиғи жаңаруына жәрдемдесу шаралары жүргізілген және мемлекеттік орман қорында табиғи өсуге қалдырылған алаңдарға түгендеу жүргізу қағидаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8095 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

14. Жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлердегі жасыл екпелерді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу жүргізу жөніндегі қызметтер шарттық негізде жергілікті бюджет есебінен және (немесе) басқа да қаржыландыру көздері есебінен жүргізілуі мүмкін.

15. Уәкілетті орган жасыл екпелерді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу материалдарының көшірмесін жасыл қормен жұмыс істеу кезінде ұсыным ретінде пайдалану үшін тиісті ауданның әкімінің аппаратына жасыл екпелерді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу жұмыстары аяқталғаннан кейін 30 жұмыс күн аралығында жіберіледі.

16. Жасыл екпелерді есепке алу нәтижелерін көрсететін құжаттар ресімделген түгендеу, орман-патологиялық зерттеу материалдары, сондай-ақ электрондық және қағаз жеткізгіштерде жасалатын дендрологиялық жоспарға енгізілген өзгерістер болып табылады.

17. Есепке алынған жасыл екпелер Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасыл екпелер тізіліміне енгізіледі.

18. Жасыл екпелердің тізілімі мен есебін уәкілетті орган қағаз және электрондық жеткізгіштерде жүргізеді.

19. Жасыл екпелерді есепке алуды жүргізу мыналарды қамтиды:

1) жасыл екпелердің саны, түрлік құрамы және жай-күйі туралы дұрыс деректерді есепке алу және алу;

2) жасыл желектерді қорғау, сақтау және көгалдандырылған аумақтарды дамыту саласындағы Астана қаласы саясатының негізгі бағыттарын айқындау;

3) халықты және мүдделі тұлғаларды Астана қаласының аумағындағы жасыл екпелердің саны, жай-күйі және қоршаған орта туралы дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ету;

4) Астана қаласының аумағындағы жасыл екпелердің жағдайын талдау;

5) жалпыға ортақ пайдаланылатын орындарда жасыл екпелерді тиімді басқару үшін бірыңғай ақпараттық база құру, оның ішінде жасыл екпелер санының қолданыстағы құрылыс және санитариялық нормаларға сәйкестігін белгілеу;

6) көгалдандырылған аумақтарды күтіп-ұстау, күрделі жөндеу және оларды қайта жаңарту жөніндегі жұмыстарды регламенттеу;

7) көгалдандырылған аумақтардың меншік иелерін айқындау және олардың сақталуы мен жай-күйіне жауапты заңды және жеке тұлғаларды белгілеу;

8) қаланың көгалдандырылған аумақтарын ұтымды пайдалануды ұйымдастыру;

9) көгалдандыру жобаларын, күтім жасау жөніндегі іс-шаралар жоспарларын жасыл екпелерді күтіп-ұстау, күтіп-баптау және пайдалану жөніндегі ұсынымдар әзірлеу.

20. Дендрологиялық жоспарды Астана қаласының шекарасы шегінде құрамында экологтары және (немесе) дендрологтары бар дендрологиялық зерттеулер қызметтерін көрсететін ұйымдарды тарта отырып, уәкілетті орган әзірлейді.

21. Дендрологиялық жоспар екі бөліктен тұрады.

Бірінші бөлім – картографиялық бейнеден тұратын, онда әрбір жасыл екпеге реттік нөмір беріледі және қайта есептеу ведомосымен сүйемелденеді. Картографиялық бейнеде жасыл екпелерден басқа, көшелерді, жолдарды (жүру бөлігін) қоса алғанда, құрылыс салу аймағын және жалпыға ортақ пайдаланылатын орындарды ескере отырып, көгалдардың, аландардың, жолдардың, су айдындарының ашық учаскелері көрсетіледі.

Екінші бөлім – сипаттама, онда көгалдандырылған объектінің сәйкестендіру сипаттамалары, дендрологиялық жоспардың сәйкестендіру сипаттамалары, өсіп тұрған жасыл екпелердің сандық және түрлік құрамы көрсетіледі. Мынадай:

кесу үшін (ауру, кепкен);

қайта отырғызуға арналған;

өңделмеген жер бедерінің рельефі, жасыл екпелер өсетін топырақтың құрамы деген белгілер көрсетіле отырып сипатталады.

22. Дендрологиялық жоспардың ауқымы 1:10000.

23. Дендрологиялық жоспар электрондық және қағаз жеткізгіштерде жасалады және сақталады және уәкілетті органның ресми интернет-ресурстарында жарияланады.

24. Дендрологиялық жоспар бес жылда бір рет жасалады және оны кейін уәкілетті орган түзетеді.

25. Бес жыл өткен соң климаттық ерекшеліктерге, Астана қаласының немесе оның бөлігінің жоспарлау құрылымы мен сәулеттік бейнесінің қалыптасуына байланысты жаңа дендрологиялық жоспар жасалады және бекітіледі.

4-тарау. Жасыл екпелерді құру, күтіп-ұстау және қорғау жөніндегі шаралар

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 2024 жылғы 27 тамыздағы № 213/26-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

26. Жасыл екпелерді құру, күтіп ұстау және қорғау өзара байланысты жұмыстардың мынадай кешендеріне бөлінеді:

1) ағаштарды, бұталарды, көпжылдық гүлдер мен бұталы қоршауды үш жылдық күтіммен (қажет болса топырақты ауыстыру арқылы) отырғызу;

2) бір жылдық гүлзарлар мен көгалдардың құрылысы;

3) ағаштарды кесу, қайта отырғызу;

4) үш жылдық күтімімен ағаштарды өтемдік отырғызу;

5) жасыл екпелерді күтіп-ұстау (жасыл екпелерді күту және оларға қызмет көрсету);

6) жасыл екпелерді мониторингтеу, түгендеу.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 2024 жылғы 27 тамыздағы № 213/26-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

26-1. Жасыл екпелерді күтіп-ұстау (жасыл екпелерді күту және оларға қызмет көрсету) келесіні қамтиды:

1) ағаштардың діңгек қуысын орнатумен және оларды қопсыту және арамшөптерден тазарту;

2) ағаш діңін ақтау;

3) бұталы қоршауды кесу, ағаштардың діңін көтеру, өскінді алып тастау;

4) шөп шабу, арамшөптерді жою;

- 5) жасыл екпелерді қымтау (ағаштар, бұталар, көпжылдық гүлдер);
- 6) бүкіл вегетациялық кезеңде жасыл екпелерді суару;
- 7) ағаш тәжін тәждеу;
- 8) ағаштардың тәжін қалыптастыру;
- 9) қаңқа және жартылай қаңқа бөліктерін сақтай отырып, ағаш-бұта өсімдіктерінің биологиялық ерекшеліктеріне сүйене отырып жасартатын кесу;
- 10) апатты, қураған ағаштар мен бұталарды санитарлық кесу, дiңгектердi тамырымен жұлуды;
- 11) тыңайтқыштарды қолдану;
- 12) жасыл екпелердiң зиянкестерiмен және ауруларымен күресу;
- 13) қуыстарды тазалау және пломбалау, аралау орындарын өңдеу.

Ескерту. 4-тарау 26-1-тармақпен толықтырылды - Астана қаласы мәслихатының 2024 жылғы 27 тамыздағы № 213/26-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

27. Жасыл екпелерді күтіп-ұстауды және қорғау жүзеге асырады:

- 1) жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерде – қала аудандары әкімдерінің аппараттарымен;
- 2) саябақтар мен скверлерде меншік иелеріне немесе меншік иесі уәкілеттік берген тұлғаға жүктеледі;
- 3) өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумағында және басқа да меншік объектілерінде, сондай-ақ бөлінген және бекітілген аумақта және – осы объектілердің меншік иелеріне немесе пайдаланушыларына жүктеледі;
- 4) құрылыс-монтаждау жұмыстарына бөлінген аумақтарда – тапсырыс берушіге жүктеледі.

28. Ағаштарды жасарту және тығыз өсетін ағаштарды жұқарту жөніндегі іс-шаралар жыл бойы кезеңнен, шырын ағынынан, сондай-ақ күндізгі ауа температурасы минус 10 градустан төмен емес кезеңнен басқа жүргізіледі.

29. Жасыл екпелерді қайта отырғызу жыл бойы оларды сақтау, қорғау және қарқынды күтім жасау бойынша қажетті шараларды сақтай отырып жүзеге асырылады. Жапырақты және қылқан жапырақты ағаштардың тиімді жерсіндіру мақсатында оларды күз басталғаннан бастап ерте көктемге дейінгі кезеңде қайта отырғызылады.

30. Жұмыстарды жүргізу кезінде құрылыс ұйымдары құрылыс салуға немесе құрылыс жұмыстарын жүргізуге бөлінген жер учаскесінде орналасқан жасыл екпелердің сақталуын қамтамасыз ететін мынадай іс-шараларды орындайды:

- 1) құрылыс алаңдарының қоршауы ағаштар мен бұталар олардың шегінен тыс қалатындай етіп орнатылады. Құрылыс алаңында қалған әр ағаштың немесе ағаштар тобының айналасында ағаштың діңі мен ұшарбасын зақымданудан сақтауды

қамтамасыз ететін жеке қорғаныс жасалады. Ағашты-бұталы өсімдіктерді сақтау мақсатында төменгі және жоғарғы ұшарбастарды ішінара кесуге, діндерді байлауға, бұталардың ұшарбастарын байлауға жол беріледі;

2) сақталатын ағаштарды қоршауларды, шырақтарды және өзге де заттарды бекіту үшін бағаналар ретінде пайдалануға және зақым келтіруге жол берілмейді;

3) ағаштардың тамырларын жалаңаштауға және дің маңындағы шеңберлерді топырақпен, құрылыс материалдарымен және қоқыспен көмуге жол берілмейді;

4) жасыл еспелер ауданында жолдарды, тротуарларды және басқа да құрылыстарды реконструкциялау және салу кезінде бұрыннан барларға қарсы тік белгілерді өзгертуге жол берілмейді. Тамыр жүйесін толтыру немесе жалаңаштау мүмкін болмаған жағдайда, жобалар мен сметаларда ағаштардың қалыпты өсу жағдайларын сақтау үшін тиісті құрылыстар қарастырылған;

5) машиналардың көгалдарда тұруына, құрылыс материалдарын жинап қоюға, жанар-жағармай материалдарын, лас қалдықтарды төгуге жол берілмейді;

6) кірмежолдар мен көтергіш крандарды орнатуға арналған орындар жасыл еспелерден тыс орналастырылады және ағаштардың орнатылған қоршауларын бұзбайды;

7) ағаштар мен бұталардың тамыр жүйесі аймағында қазу жұмыстарын тамыр жүйесіне зақым келтірмей, негізгі қаңқа тамырлары орналасқаннан төмен жүргізеді;

8) жаңа құрылыстың барлық учаскелерінде жоғарғы өсімдік топырағын сақтайды, оны алуды және құрылыс алаңының шеттерінде үймелеуді жүргізеді. Бұрғыланған өсімдік топырағы аумақтарды көгалдандыру кезінде пайдаланылады және (немесе) көгалдандыру жөніндегі ұйымға беріледі.

31. Тротуарлар мен өтпе жолдарды асфальттау, төсеу, тақталармен жабу жұмыстарын жүргізу кезінде ағаштың айналасында кемінде диаметрі 1,2 метр жақын аралық шеңбер қалдырылады.

5-тарау. Астана қаласының аумақтарын көгалдандыру жөніндегі уәкілетті органның жұмыс жоспары

32. Жалпыға ортақ пайдаланылатын аумақтарда көгалдандыру, жасыл екпелерді отырғызу бюджеттің түрлі деңгейлері қаражаты есебінен, сондай-ақ өзге де қаржыландыру көздері есебінен жүргізілуі мүмкін.

33. Жалпыға ортақ пайдаланылатын аумақтарда көгалдандыру жұмыстарын жүргізу үшін аудан әкімдіктері мынадай жұмыстардың бір түріне немесе бір мезгіл түрлеріне ақау актісін дайындайды:

1) жасыл екпенің мекенжайын (орналасқан жерін), түрін, оның сипаттамаларын (діңнің диаметрі, биіктігі, жай-күйі және басқалары) көрсете отырып, болжанып отырған қураған ағашты кесу бойынша көлемді айқындау;

2) нақты учаскеде жоспарланған жаңа жасыл екпелердің көлемін анықтау (жасыл екпенің түрі мен атауы, отырғызу мерзімі);

3) түрі мен сипаттамаларын, отырғызу мерзімдерін айқындай отырып, өтемдік жасыл екпелер орналасатын учаскенің жоспарын айқындау;

4) ағаштың орналасқан жерін, көлемін (санын) көрсете отырып, түбірлерін қопарып қазып алу көлемін айқындау.

34. Уәкілетті орган жасыл екпелерді сатып алуға, оларды тасымалдауға, тыңайтуға, суаруға, топырақты тасымалдауға, механикаландыруға және жұмыс күшіне, сондай-ақ жаңадан отырғызылған жасыл екпелерді жерсіндіру үшін кейін күтіп-баптауға жұмсалатын шығындардың құнын айқындай отырып, еркін нысандағы ақау актісін іске асыру мақсатында жұмыс көлемін айқындау үшін шығындар калькуляциясын жасайды.

35. Инженерлік желілерге (электрмен жабдықтау, жарықтандыру, сумен жабдықтау, жылумен жабдықтау) қатысты жасыл екпелерді кесу және/немесе құраған ағаштарды кесу бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде кемінде үш жұмыс күні бұрын инженерлік желілердің меншік иелерімен жұмыстарды орындау мерзімдері келісіледі және жұмыстардың уақыты мен ұзақтығын көрсете отырып, учаскедегі болжамды жұмыстар туралы халыққа, кәсіпорындар мен ұйымдарға бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер немесе ұялы байланыс арқылы хабарланады.

6-тарау. Ағаштарды кесу тәртібі

36. Құрылыс салуға немесе басқа да жұмыстар жүргізуге бөлінген учаскелерде жасыл екпелерді сақтау мүмкін болмаған жағдайда, егер қолданыстағы жасыл екпелер тұрғын үй құрылысы ғимараттарын қоса алғанда, басқа да құрылыстар үшін қатер төндіретін болса, ағаштарды кесу Заңға сәйкес уәкілетті органның рұқсаты бойынша жүргізіледі.

37. Ағаштарды кесу:

1) бекітілген және келісілген қала құрылысы құжаттамасында көзделген құрылыс қызметін, құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүзеге асыру үшін жағдайлар жасалуын қамтамасыз ету;

2) инженерлік абаттандыру объектілеріне қызмет көрсету, инженерлік желілерді реконструкциялау және салу, жерасты және жерүсті коммуникациялары;

3) апаттық және төтенше жағдайларды жою, оның ішінде инженерлік абаттандыру объектілерінде және инженерлік желілерде жою;

4) бұрыннан бар объектілердің аумағын абаттандыру және эстетикалық түрге келтіру, жасыл екпелердің сапалық және түрлік құрамын жақсарту қажеттілігі;

5) адамдардың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігіне қатер төндіретін, сондай-ақ жеке және заңды тұлғаның мүлкіне залал келтіретін ағаштарды санитариялық кесу жағдайларында жасалуы мүмкін;

б) ағаштар мен бұталар жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерде өсіп тұрған жағдайларда жүзеге асырылады.

38. Ағаштарды кесу уәкілетті органның рұқсаты бойынша жүргізіледі.

Уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандағы № 1034 қаулысымен бекітілген Өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) енгізілген жасыл екпелерді кесуге рұқсат берілмейді.

39. Жалпыға ортақ жерлердегі және ғимараттарға, құрылыстарға, көп қабатты тұрғын үйлерге іргелес аумақтардағы желдің және табиғи сипаттағы өзге де жағдайлардың, жол-көлік оқиғаларының нәтижесінде ағаштар апаттық құлаған жағдайда құлаған ағаштарды жинауды, құлаған жерлерді уақтылы тазалауды және ағаш қалдықтарын шығаруды қызмет көрсететін учаскелер бойынша ұйымдар жүзеге асырады.

40. Апаттық және төтенше жағдайларды жою кезінде, оның ішінде инженерлік абаттандыру объектілерінде уәкілетті органның келісімінсіз ағаштарды мәжбүрлі түрде кесу мынадай:

ағаштардың, сондай-ақ олардың бұтақтарының құлауы адамдардың өмірі мен денсаулығына, ғимараттар мен құрылыстардың, коммуникациялардың және желілердің бүлінуіне қауіп төндірген;

жол қозғалысы қауіпсіздігіне кедергілер, оның ішінде жол белгілерін көзбен шолуды жабатын кедергілер болған, жол белгілерін ауыстыру мүмкін болмаған жағдайларда жүргізіледі.

41. Ағаштарды мәжбүрлі түрде кесу фактісі апаттық-құтқару қызметінің куәландыру актісімен айғақталады, кейін уәкілетті органға мәжбүрлі түрде кескен сәттен бастап үш жұмыс күн ішінде хабарланады.

42. Жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерде ағаштарды санитариялық кесуді уәкілетті органмен жазбаша келісім бойынша осы жер учаскесіне қызмет көрсететін көгалдандыру жөніндегі ұйымдар жүргізеді (келісім уақыты 30 жұмыс күн).

43. Ағаштарды кесу Заңға сәйкес уәкілетті органның рұқсаты бойынша, Жасыл еспелер тізіліміне сәйкес ағаштардың сандық, тұқымдық құрамын, жай-күйі мен орналасқан жерін дәл анықтау үшін уәкілетті орган маманының алдын ала ағашты кескен жерге баруы және Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасыл екпелерді зерттеп-қарау актісін толтыруы арқылы жүзеге асырылады.

44. Жеке және заңды тұлғалар ағаштарды кесуге рұқсат алған кезде Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кесілген ағаштардың орнына өтемдік отырғызу туралы кепілдік хат береді.

45. Кесілген жасыл екпелер мен кесілген қалдықтарды (үгінділер, бұтақтар, жапырақтар, қабықтар) жұмыс жүргізілетін жерде жинауға және сақтауға жол берілмейді.

7-тарау. Ағаштарды қайта отырғызу және өтемдік отырғызу тәртібі

46. Жасыл екпелерді жойылған (кесілген) учаскеде не дендрологиялық жоспарда (көгалдандыру жоспарында) айқындалған учаскелерде отырғызу өтемдік отырғызулар болып табылады.

Өтемдік отырғызулар өз мүдделері үшін жасыл екпелерді жоюды (кесуді) жасаған не кінәсінен осы екпелердің бүлінуі немесе құрып кетуі орын алған жеке және (немесе) заңды тұлғалардың қаражаты есебінен жүргізіледі.

47. Кепілдік хатқа сәйкес жеке және заңды тұлғалар өтемдік отырғызу сәтінен бастап үш жыл ішінде (ағаш көшетінің жерсіну кезеңі) Қағидалардың 26-тармағының 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларына сәйкес көшеттерді күтіп-ұстау және қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізеді.

48. Отырғызылған көшеттер өтемдік отырғызу кезінде жойылған жағдайда, олардың мүддесі үшін кесу жүргізілген тұлғалар жасыл екпелерді қайта отырғызуды жүргізеді және оларды қайта отырғызу жүргізілген сәттен бастап үш жыл бойы (ағаш көшетінің жерсіну кезеңі) күтіп-ұстау және қорғау жөніндегі одан әрі іс-шараларды қамтамасыз етеді.

49. Үш жыл өткеннен кейін, өтемдік отырғызуды жүзеге асырған жеке және заңды тұлғалар уәкілетті органмен бірлесіп, Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасыл екпелердің жерсіну актісін жасайды және одан әрі күтіп-ұстау үшін тиісті аудан әкімі аппаратының теңгеріміне береді.

50. Уәкілетті орган өскен ағаштарды Жасыл екпелер тізіліміне енгізеді.

51. Жасыл екпелерді түгендеу және орман патологиялық тексеру материалдарына сәйкес қайта отырғызылуға жататын ағаштар уәкілетті органның жазбаша нұсқауына сәйкес учаскелерге қайта отырғызылады.

52. Жеке және заңды тұлғалар ағаштарды қайта отырғызу кезінде өтемдік отырғызу жүргізілмейді.

53. Егер қайта отырғызу ағаштардың солып қалуына әкеп соққан жағдайда, өтемақының он еселенген мөлшері белгіленеді.

54. Ағаштарды қалпына келтіру өтемдік отырғызу жоспарына сәйкес, қажет болған жағдайда топырақты құнарлы топыраққа ауыстыра отырып, арнайы учаскелерде жүргізіледі.

55. Жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерге өтемдік отырғызу және күтіп-баптау және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды өз штатында көгалдандыру саласындағы мамандары бар көгалдандыру жөніндегі ұйымдар жүргізеді.

Өтемдік отырғызу кезінде бір жылдық көшеттерді пайдалануға жол берілмейді.

56. Өтемдік отырғызулар мынадай мөлшерлерде:

1) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жергілікті атқарушы органның рұқсаты бойынша жасыл екпелер кесілген,

сондай-ақ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың меншігіндегі немесе пайдалануындағы ғимараттарға, құрылыс жайларға іргелес аумақта олар құрып кеткен кезде – он еселенген мөлшерде;

2) жасыл екпелер заңсыз жойылған (кесілген) кезде не олардың құрып кетуіне алып келген бүлінуі кезінде – елу еселенген мөлшерде жүзеге асырылады.

57. Сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген өсімдік түрлерінің тізбесіне енгізілген жасыл екпелер заңсыз жойылған (кесілген) не олардың құрып кетуіне алып келген бүлінген жағдайда – бір жүз еселенген мөлшерде жүзеге асырылады.

58. Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзудан келтірілген залалдың мөлшерін Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 22 қыркүйектегі № 265 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзудан келтірілген залалдың мөлшерін есептеуге арналған базалық ставкаларға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33476 болып тіркелген) сәйкес уәкілетті орган есептейді.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 2024 жылғы 27 тамыздағы № 213/26-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

59. Ағаштарды өтемдік отырғызу кесегімен биіктігі кемінде 2,5 метр жапырақты ағаш көшеттерін немесе кесегімен биіктігі кемінде 2 метр қылқан жапырақты ағаш көшеттерін отырғызу арқылы жүргізіледі.

Көшеттердің жоғарғы тамыр жүйесінен діңінің диаметрі 3 сантиметрден кем емес болуы, дің бөлігінің 1,3 метр жоғары болуы қажет.

Отырғызудың түрлік құрамын уәкілетті орган айқындайды.

60. Ағаштарды кесу кезінде өтемдік отырғызу уәкілетті органның рұқсаты бойынша және (немесе) ағаштарды заңсыз кесу, жою немесе бүлдіру кезінде кесу, ағаштарды жою немесе бүлдіру орнынан 1 километр радиуста уәкілетті орган көрсеткен учаскеде жүргізіледі.

Өтемдік отырғызу үшін кесу орнынан 1 километр радиуста бос орын болмаған кезде өтемдік отырғызу аумағын уәкілетті орган жазбаша түрде көрсетеді.

61. Ағаштарды мәжбүрлі түрде кесу кезінде өтемдік отырғызу көгалдандыруды, көгалдандыру жөніндегі ұйымды тарта отырып, жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерде жүргізіледі.

62. Өтемдік ағаш отырғызу дендрологиялық жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

63. Жол-көлік оқиғасы салдарынан жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерде және жеке аумақтарда өсетін жасыл екпелер механикалық зақымданған немесе жойылған жағдайда кінәлі тарап көшеттер отырғызу арқылы бүлінген немесе жойылған екпелерді бес есе өтемдік қалпына келтіруді жүргізеді.

64. Өтемдік ағаш отырғызу жөніндегі жұмыстар аяқталғаннан кейін жеке және заңды тұлғалар бір ай ішінде уәкілетті органды өтемдік отырғызу жоспарына сәйкес жұмыстардың орындалғаны туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

Астана қаласының аумағында
жасыл екпелерді жасау, күтіп-
ұстау және қорғау қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Жасыл екпелердің жерсіну актісі

20__ ж. " __ " _____

Жасыл екпелердің отырғызған мекенжайы: _____

№	Заңды және жеке тұлғалардың атауы	Рұқсаттың немесе келісудің нөмірі мен күні	Кесілген ағаштардың саны, дана	Қайта отырғызылған ағаштардың саны, дана	Өтемдік немесе бастамашылық отырғызу, дана тұқымы	Жағдайы		Қалпына келтіруге арналған көшеттер саны, дана	Ескертпе
						Тамыр алды, дана	Тамыр алмады, дана		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1.									
Қорытынды:									

Жеке немесе заңды тұлғаның өкілі _____

(Т.А.Ә., қолы) (мөрі бар болса)

Уәкілетті органның лауазымды адамы _____

(Т.А.Ә., қолы) (мөрі бар болса)

Астана қаласының аумағында
жасыл екпелерді жасау, күтіп-
ұстау және қорғау қағидаларына
2-қосымша

Нысан

_____ жылғы 1 қаңтардағы Жасыл екпелер тізілімі

Жасыл екпелер объектілерінің (учаскелерінің) алаңын жердің санатына, өсімдіктің типтеріне, функционалдық мақсатына қарай бөлу

Қала/елді мекен

Әкімшілік аудан: (код) _____

Жауапты иесі: _____

Жасыл екпелер тізілімі

		Кесте								
Р/с № түгендеу/ жасыл екпе паспортының №	Жердің функционалдык мақсаты (екпелер санаты)	Ағаш өсімдігі								
		Бірлі-жарым ағаштар, дана	Топтар, куртиналар, дана	Тоғайлар, алқаптар, дана	Жол бойындағы екпелер, дана	Жиыны, дана				
Бұталы өсімдіктері										
Бірлі-жарым, дана	Жасыл қоршам кума метр (қ.м.)	Қатарлап отырғызу, дана		Топтық отырғызу, дана			Барлығы қ.м./дана			
Ашық кеңістіктер										
Гүлзарлар			Көгалдар							
Жазғы, м ²	Көпжылдық, м ²	Контейнерлік, дана	Вазон, м ²	Альпинарий, рокарий, м ²	Жиыны м ² /дана	Партерлік, м ²	Кәдімгі, м ²	Жер қыртысының жамылғысы, м ²	Жиыны м ² /дана	

Астана қаласының аумағында жасыл екпелерді жасау, күтіп-ұстау және қорғау қағидаларына 3-қосымша

Нысан

Жасыл екпелерді зерттеп-қарау актісі

20__ ж. " __ " _____

Р/с №	Жасыл екпелердің табиғи құрамы	Сақталады			Кесуге рұқсат			Рұқсатсыз кесу		
		дана	жасы, жыл	дің диаметрі, см	дана	жасы, жыл	дің диаметрі, см	дана	жасы, жыл	дің диаметрі, см
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1.										
2.										
Барлығы:										
Қорытынды										

Қайта отырғызу, тамырын копарып қазу (жасарту)			Санитариялық кесу			Сапалық (нақты) жай-күйі	Залалды өтеу мөлшері, бірлік	Залалды өтеу мөлшері бойынша залалдың сомасы	Өтемдік қалпына келтіру, дана
дана	жасы, жыл	дің диаметрі, см	дана	жасы, жыл	дің диаметрі, см				
						АЕК	теңге		

12	13	14	15	16	17	18	19	20	21
----	----	----	----	----	----	----	----	----	----

Осы акт _____ данада жасалды.

Ескертпе: Зерттеп-қарау актісі жасыл екпелерді кесуге немесе қайта отырғызуға құқық беретін құжат болып табылмайды.

Жеке немесе заңды тұлғаның өкілі _____ қолы (Т.А.Ә.)
(мөрі бар болса)

Уәкілетті органның лауазымды адамы _____ қолы (Т.А.Ә.)
(мөрі бар болса)

Астана қаласының аумағында
жасыл екпелерді жасау, күтіп-
ұстау және қорғау қағидаларына
4-қосымша

Нысан

Жергілікті атқарушы органның
басшысы

(тегі, аты, ол бар болған
жағдайда әкесінің аты,
мемлекеттік органның атауы)

(жеке тұлғаның тегі, аты, ол бар
болған жағдайда әкесінің аты не
көрсетілетін қызметті алушы
заңды тұлға ұйымының атауы)
және (немесе) сенімхат
бойынша)

(ЖСН/БСН)
Мекенжайы

(заңды мекенжайы немесе
тұрғылықты жері) байланыстар

(электрондық мекенжайы,
телефон)

Кепілдік хат

_____ (жеке немесе заңды тұлғаның
атауы)

ағаштарды кесуге рұқсат алған сәттен бастап алты ай ішінде _____ дана
көлемінде өтемдік ағаш отырғызуды жүргізуге кепілдік береді, _____
тұқымдылар, ағаштардың орнына _____ дана, _____ үшін кесілетін
тұқымдар _____ мекенжайы бойынша: (себебі
көрсетіледі)

_____ 20 жылғы " ____ " жасыл екпелерді зерттеп-қарау актісіне сәйкес.

Отырғызылған көшеттер жойылған жағдайда, қайта отырғызуға кепілдік береді.

Өтемдік отырғызу сәтінен бастап үш жыл ішінде (ағаш көшетінің жерсіну кезеңі) Астана қаласының аумағында жасыл екпелерді жасау, күтіп-ұстау және қорғау қағидалары 26-тармағының 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларына сәйкес көшеттерді күтіп-ұстау және қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізуге және үш жыл өткеннен кейін оларды ағаштардың жерсіну актісі негізінде жергілікті атқарушы органның теңгеріміне беруге кепілдік береді.

— (жеке немесе заңды тұлғаның атауы)

Астана қаласының аумағында жасыл екпелерді жасау, күтіп-ұстау және қорғау қағидаларын бұзғаны үшін "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының кодексінің 381-1 және 386 баптарына сәйкес жауапкершілікке тартылатыны хабарланды.

Күні: 20__ ж. " ____ " _____

_____ "Басшының Т.А.Ә. және қолы (мөрі бар болса)